

Бекітемін

Талдықорған индустриалық колледжінің

директоры

А.К.Джумадилов



**«Талдықорған индустриалық колледжі» шаруашылық жүргізу
құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны
Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты (бұдан әрі – Стандарт) «Талдықорған индустриалық колледжі» (бұдан әрі – Колледж) (ҚР «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңының 10-бабына сәйкес әзірленен, ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігімен бекітілген Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеу бойынша әдістемелік ұсынымдар, сондай-ақ колледждегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат негізінде Колледж қызметіндегі тыйымдардың, шектеулердің, рұқсаттардың соның ішінде сыбайлас жемқорлық қаупі жоғары аймақтарды жүйені көрсетеді).
2. Стандарттың негізі – колледж қызметінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, құқықтық сауаттылықты арттыру және сыбайлас жемқорлыққа мүлдем төзбеушілік.
3. Стандарттың мақсаттары:
 - 1) сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлықты қалыптастыру және колледж қызметкерлерінің функционалдық міндеттерін орындаудағы жауапкершілігін арттыру;
 - 2) сыбайлас жемқорлықты уақтылы анықтау және олардың жағымсыз салдарларының алдын алу;
 - 3) колледж қызметінде сыбайлас жемқорлық қаупі жоғары аймақтарда тиімділігі мен ашықтығын арттыру
4. Стандарттың принциптері:
 - 1) заңдылық;
 - 2) ашықтық;

- 3) этика;
 - 4) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін құрметтеу және оларды сыбайлас жемқорлықтан қорғау;
 - 5) мүдделер қақтығысын болдырмау.
5. Стандарт колледж қызметкерлерінің белгіленген ережелерді мүлтіксіз орындауға және колледж қызметіндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған әрекеттері мен шешімдерін анықтайды.
6. Осы стандарттың тыйымдары, шектеулері және рұқсаттары мыналарға қолданылады:
- 1) жарғыда көзделген функцияларды жүзеге асыру;
 - 2) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін жүзеге асыру;
 - 3) қызметтік міндеттерді орындау.
7. Стандарт колледждің барлық қызметкерлері үшін міндетті болып табылады.
8. Стандарт талаптарының сақталуын бақылау колледждің құрылымдық бөлімшелерінің басшыларына жүктеледі.
9. Колледждің әрбір қызметкері Стандарт талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін жеке жауапкершілікке тартылады.
10. Стандарт талаптарын орындамағаны немесе тиісінше орындамағаны үшін тәртіптік немесе құндылық жауапкершілік Колледж басшысының шешімімен қабылданады.
11. Стандарттың орындалуы (орындалмауы) туралы ақпарат Колледж қызметкерлерінің жұмысын аттестациялау және бағалау кезінде пайдаланылады.

2. Басқару және басқа шешімдерді дайындау және қабылдау кезінде мінез-құлық ережелері (әрекеттер, тыйымдар, шектеулер және рұқсаттар)

12. Қызметтік жағдайды қызметтік міндеттерді орындау барысында жеке басына немесе үшінші тұлғаларға пайдаланбау.
13. Қызметтік міндеттерін атқару кезінде жеке және пайдакүнемдік мүдделерді басшылыққа алмау.
14. Үшінші тұлғалардың мүдделерін білдіруден сондай-ақ олардың атынан іс-әрекеттер жасамау.
15. Басқа адамдарды сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға итермелеу.
16. Әріптестер мен басшыларға қарым-қатынастың белгіленген тәртібін бұзатын, олардың бейтарап ресми шешім қабылдауына әсер етуі мүмкін заңсыз өтініштер жасамау.
17. Қызметтік ақпаратты таратуға болмайтын іс-әрекеттер жасамау.
18. Әріптестерге, басшыларға және басқа да лауазымды тұлғаларға сыйлық бермеуге және қызметтік өкілеттіктерді пайдалану арқылы мүлтік пайда, жеңілдіктер немесе артықшылықтар алу үшін бейресми қызмет көрсетпеу.

19. Қызметтік міндеттерін орындауға байланысты сыйлықтарды қабылдамау.
20. Іс-әрекеттермен және мінез – құлықпен қоғам тарапынан сын тудырмау, қудалау, айтылған сындарды жеке қызметті жақсарты үшін пайдалану.
21. Шындыққа жатпайтын ақпаратты таратпау.
22. Мүдделер қақтығысына жол бермеу, егер олар туындаса, заңға сәйкес оларды жою шараларын қолдану;
23. Егер бұл жақын туыстық қатынастардағы адамдардың (ата-аналардың, жұбайлардың, аға-інілерінің, апа-сіңлілерінің, балаларының) тікелей бағыныштылығына немесе бақылауына байланысты болса, лауазымға тағайындаудан бас тарту.
24. Заңда тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік көзделген теріс қылықтарды және басқа да құқық бұзушылықтарды жасауға жол бермеу.
25. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды ашуда белсенділік таныту.
26. Тікелей басшыға мүдделер қақтығысының, қызметтік міндеттерін орындау кезіндегі жеке мүдделердің, сыбайлас жемқорлық мінез-құлық пен сыйлықтар алуға бейімділіктің немесе сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтың туындауы туралы хабарлау.
27. Тікелей басшыдан алынған бұйрықтың заңдылығына күмәнданатындығы туралы дереу басшыға жазбаша хабарлау.
28. Егер тікелей басшының өзі мүдделер қақтығысына қатысы болса, жоғары тұрған басшылыққа хабарлау.
29. Қызметтік міндеттерін орындау кезінде іскерлік этикет пен белгіленген қызметтік мінез-құлық ережелерін сақтау.
30. Әріптестерден жоғары құқықтық және сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті сақтауды қолдау және талап ету.
31. Ықтимал мүдделер қақтығысының, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтардың себептері мен шарттарын және олардың салдарын жою бойынша тұрақты негізде шаралар қабылдау.
32. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл рәсімдерін қолдану (сақтау) бойынша қызметкерлерге жеке кеңестер ұйымдастыру.
33. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі басқармалар мен ұйымдар өкілдерінің қатысуымен дөңгелек үстелдер, семинарлар және басқа да іс-шаралар өткізу.
34. Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасын бұзу фактілері туралы ақпаратты алу үшін құпия ақпараттық жүйенің жұмыс істеуі шеңберінде қызметкерлер мен клиенттерді сенім телефонының және электрондық пошта жәшігінің болуы туралы хабардар ету.
35. Ұжымда ауызбіршілікті нығайтуға үлес қосу, мемлекеттік тілді ресми түрде қолданылатын орыс және Қазақстан халқының басқа тілдерімен тең дәрежеде құрметтеу.
36. Жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделерін, құқықтарын қорғайтын шешімдердің ашықтығын қамтамасыз ету.

3. Колледждің ішкі құжаттарының жобаларын дайындау немесе қарау кезіндегі мінез-құлық ережелері (әрекеттер, тыйымдар, шектеулер және рұқсаттар)

37. Колледждің өзіне және үшінші тұлғаларға пайда алу мақсатында нормативтік құқықтық актілерді, жергілікті актілерді әзірлеуге жол бермеу.
38. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін дискрециялық өкілеттіктер мен нормаларды болдырмау.
39. Сыбайлас жемқорлық және өзге де заңсыз сипаттағы заңсыз әрекеттерді жасауға алғышарттар жасайтын сыбайлас жемқорлықты тудыратын нормаларды анықтау және жобаларда тиісті алдын алу шараларын көрсету үшін қабылданған ішкі құжаттарға талдау және сараптама жүргізу.
40. Бұрын қабылданған ішкі құжаттар негізінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жүргізу және оларда сыбайлас жемқорлыққа бейім нормалар бар екені анықталған жағдайда, оларды жою жөнінде шаралар қабылдау.

4. Сатып алу, коммерция және кадрлар саласында еңбек функцияларын орындау кезіндегі мінез-құлық ережелері (әрекеттер, тыйымдар, шектеулер және рұқсаттар)

4.1. Сатып алу қызметін жүзеге асыру барысында

41. Жеке табыс алумен байланысты кәсіпкерлік және басқа да қызметті жүзеге асырмау, қолдау көрсетпеу.
42. Өткізілетін сатып алу қызметіне жақын туыстар (ерлі-зайыптылар) немесе мекеме басшысының туысқандарын жеткізуші ретінде немесе жеткізушінің заңды өкілдері ретінде қатыстырмау.
43. Атқарушылық құжаттар бойынша орындалмаған міндеттемелері бар және борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізілген өзі тартқан әлеуетті өнім беруші және (немесе) қосалқы мердігер (бірлесіп орындаушы) ретінде қатысуға жол бермеу.
44. Конкурстық/сараптамалық комиссияның қызметіне және конкурстық/сараптамалық комиссияның шешім қабылдауына ешқандай қысым көрсетпеу.
45. Жеткізушілерге сатып алу рәсімдеріне қатысу кезінде әділ бәсекелестікті қамтамасыз ету үшін тең мүмкіндіктер беру.
46. Сатып алу процестерінің ашықтығы мен айқындылығын қамтамасыз ету.
47. Сатып алу кезінде сыбайлас жемқорлыққа жол бермеу.
48. Белгілі болған сыбайлас жемқорлық фактілері, сондай-ақ материалдарды жедел қарау немесе қағазбастылық үшін қандай да бір пайда алуға бейімділік туралы дереу басшылыққа хабарлау.

4.2. Коммерциялық қызметті жүзеге асыру барысында

- 49. Қызметтерге өтінімдерді қарау кезінде қағазбастылыққа жол бермеу.
- 50. Қызмет көрсету үшін қажет емес қосымша құжаттарды ұсынуды талап етпеу.
- 51. Белгілі болған сыбайлас жемқорлық фактілері, сондай-ақ материалдарды жедел қарау немесе қағазбастылық үшін қандай да бір пайда алуға бейімділік туралы дереу басшылыққа хабарлау.
- 52. Жеке табыс алумен байланысты кәсіпкерлік және басқа да қызметті жүзеге асыруда ешкімге көмек көрсетпеу және қолдамау.

4.3. Кадрларды таңдау және орналастыру барысында

- 53. Кадрларды іріктеу және орналастыру кезінде жақын туыстық қатынастағы адамдарға (ата-аналар, жұбайлар, ағалар, апалар, апалар, балалар) тікелей бағынуға немесе бақылауға жол бермеу.
- 54. Жоғары лауазымға тағайындау үшін кандидаттарды іріктеу кезінде меритократия қағидатын (басшылық лауазымдарына олардың әлеуметтік шығу тегіне және қаржылық әл-ауқатына қарамастан барынша қабілетті адамдар иеленуі тиіс басқару принципі) басшылыққа алу.
- 55. Жерлестік пен жеке адалдық негізінде кадрларды іріктеу және орналастыру жағдайларын болдырмау.
- 56. Басшылық лауазымдарға қабылдау кезінде негізгі жауапкершіліктерді, тыйымдар мен шектеулерді түсіндіру.
- 57. Қызметкерлердің жеке деректері туралы ақпараттың негізсіз таратылуына жол бермеу.
- 58. Қолданыстағы еңбек заңнамасының талаптарын қатаң сақтау.

4.4. Персоналды басқаруда барысында

- 59. Қол астындағы қызметкерлерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға мәжбүрлемеу.
- 60. Қол астындағы және басқа да лауазымды тұлғалардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы бұзуының алдын алу және жолын кесу.
- 61. Қол астындағы қызметкерлерді қызметтен тыс мәселелерді шешуге немесе жеке тапсырмаларды орындауға тарту үшін қызмет бабын пайдаланбау.
- 62. Қызметінде немесе жұмысында жоғары тұрған, төмен тұрған немесе онымен басқа қарым-қатынаста болатын лауазымды адаммен ақшалай немесе өзге де мүліктік сипаттағы құмар ойындарға қатыспау.
- 63. Қол астындағы лауазымды тұлғалар арасында еңбек жүктемесін тең бөлмеуге жол бермеу.

64. Анық орындалмайтын немесе бағынысты қызметкерлердің қызметтік міндеттерінің шегінен шығатын, сондай-ақ заңға қайшы келетін бұйрықтарды бермеу.
65. Бағынысты қызметкерлердің міндеттері мен өкілеттіктерінің көлемін нақты белгілеу.
66. Қол астындағы лауазымды тұлғалардың қызметін бағалауда, сондай-ақ көтермелеу және жазалау шараларын қолдану кезінде әділдік пен объективтілік таныту.
67. Қол астындағы қызметкерлердің сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауына ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою.
68. Қызметтік міндеттерін орындау кезінде әріптестер арасында туындайтын мүдделер қақтығысын шешу бойынша кешенді шараларды уақтылы қабылдау.